

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының  
«Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-н  
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдау қорытындысын жария талқылау хаттамасы  
№2**

Мырзакент кенті «24» маусым 2024 жыл

**Төрағасы:** Нурашев Нуржан Темирханович – аурухана басшысы м.у.а.  
*Хатшы:* Сембі Жангелді Әзіретұлы – заңгер, комплаенс офицері.

**Күн тәртібінде:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын жария талқылау.

**Қатысқандар:** «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-н бөлім меңгерушілері, ауруханаға қарасты емдеу мекемелерінің аға дәрігерлері, қызметкерлері.

**Талдаудың міндеті:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың алдын алу, жою болып табылады.

**Жиналыста келесі мәселелер айтылды:**

Осыған дейін, «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасында 2024 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша іс – шара жоспары бектілген болатын.

Бектілген іс-шара жоспары 2024 жылдың 17 мамыры мен 28 маусым аралығын қамтиды және ол жайында «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасының әлеуметтік желілерінде жария етілген болатын.

**Ішкі талдау келесі бағыттарда жүргізілуде:**

- 1) Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдары, Кодекстері және нормативтік құқықтық актілерін қарастыру барысында анықталған кемшіліктер:

1. Персоналды басқару бойынша шығарылған бұйрықтарда, қызметкердің зейнеткерлік жасына толып жұмыстан босату туралы бұйрықтарында, Еңбек Кодексінің баптарына сілтемені дұрыс қоймағаны анықталды.

Зейнеткерлік жасқа толып, еңбек шартын бұзу 52-баптың 24)тармақшасы негізінде бұзылуы қажет.


2. 1. 075 жұмысқа орналасу немесе оқу орындарына түсу үшін медициналық анықтамасы және 082 бұл шетелге шығушының анықтамаларының қолдан алу фактілері анықталды.Бұл анықтамалар 075 анықтамасы жұмысқа орналасуға немесе оқу орындарына түсу үшін қажетті құжат болуына байланысты, 082 анықтамасы Шетелге жол тартқан адамның шетелге сапарды жүзеге асыруы үшін медициналық қарама-қарсылықтары жоқтығының дәлелі. Осы анықтама Шетел аймағына виза алу үшін және медициналық сақтандыруды рәсімдеу үшін керек құжаттардың бірі болып табылады. Бұл екі анықтамада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туғызады, себебі аталған анықтамалар бойынша қолдан алу фактілері анықталған. Сол себепті қазыргі таңда әр адамның денсаулығы туралы тарихы КМИС порталында мәлімет болуына байланысты анықтамаларды дәрігердің қабылдауында болмай алуға ыңғай жасау қажет деп ойлаймын сол кезде кезексіз және тез алуға мүмкіндік болады.

**Жоғарыда анықталған тәуекелдерді жою мақсатында төмендегідей ұсынымдар берілді:**

1. «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасының қызметін қозғайтын нормативтің құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін нормаларды анықтау, оны жою шаралын ұйымдастыру;
2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін жасауға жол бермеу, алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізу;
3. Еңбекке жарамсыздық парағын негізсіз берілмеуіне тиісті тексерулер жүргізу;
4. Құжаттарды рәсімдеу кезінде заң талаптарының сақталуын қадағалау;

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, алдағы уақытта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін жасауға жол бермеу басты мақсатымыз екендігі түсіндірілді.

**Төраға**



**Н.Нурашев**

**Хатшы**



**Ж.Сембі**